# ЕРНАР КЕНТ МАҚТАНЫШЫ

Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес.Спорт пен денсаулық сақтау саласында жасалатын жаңашылдықтар, сондай-ақ, жастардың дене шынықтырумен айналысуына ықпал ететін әртүрлі факторлар мен бағдарламалар Қазақстанда денсаулық мәдениетінің қалыптасуына жол ашуда.

Қарағанды облысына қарасты Ақжал елді-мекенінің жастары салауатты өмір салтын дәріптеуден танбауда. Соның бірі - кентіміздің чемпионы Орынбай Ернар Есілжанұлы. Қазақтың ұлттық ойыны "қол күресті" дәріптеуде, аталған спорттың басқаша атауы - армстарлинг. Бала кезден күреспен шұғылданған спортшы денсаулығына байланысты кенеттен күресті тастауға мәжбүр болып, басқа спортпен алмастыруға тура келді, себебі спорт десе ішкен асын жерге қоятын Ернар 2022 жылдан бастап қол күреске бет бұрды. Бұл спортқа деген жаңашылдық өзінің чемпион болуына жол ашты.

2023 жылы Талғар қаласында өткен чемпионатта екінші орынға ие болып, бұл спортшының үлкен жігер бергені белгілі. Танбай еңбек ету пен спортқа деген сүйіспеншілігінің арқасында Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласында өткен Азия чемпионатында үшінші орынды қанжығасына байласа, Өзбекстан мемлекеті Самарқанд қаласында өткен жарыста жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, Ернар спортшымыз өткен жылы Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатында қол күрес спортынан бірінші орынды иеленсе, сондай-ақ, Үндістан мемлекетінде өткен жарыста Азия кубогін иеленіп, көк байрағымызды желбіретіп, Әнұранымыз басқа елде шырқалды. Өзінің спортқа деген қызығушылығы, табандылығы үлкен жеңістерге жетелей білді. Биыл да




Ернар жерлесіміз өзінің күштілігін байқатып, Әлем кубогі үшін таласта жүлделі бірінші орынды жеңіп алып, жеңіс тұғырына көтерілді.

Жас спортшымыз қазіргі таңда кентімізде орналасқан Әлімшайхы Сәлімбаев атындағы спорт кешенінде ізбасарлар тәрбиелеп, кентіміздің жас буын ұрпақтарын салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыруда. Ернар жерлесімізге әлі де тың шабыт тілеп, қазақ елінің көк туын желбіретіп, биік белестерді бағындыра бер деген тілек айтамыз.

**Дилара МОЛДАБЕКОВА,**
**кент әкімдігінің бас маманы.**
**Ақжал кенті.**

Шет шұғыласы. - 2025. - 20 ақпан (№7). - 5 б.